С.Сейфуллиннің 120 жылдығына арналған **«Сейфуллин оқулары–10: Мемлекеттің индустриалды–инновациялық саясатын құрудағы бәсекеге қабілетті кадрларды дайындау келешегі мен ғылымның рөлі»** атты Халықаралық ғылыми-теориялық конференциясының материалдары = Материалы Международной научно-теоретической конференции **«Сейфуллинские чтения–10: Новые перспективы подготовки конкурентоспособных кадров и роль науки в формировании индустриально-инновационной политики страны»,** посвященная 120-летию со дня рождения С.Сейфуллина**.** – 2014. – Т.I, ч.2. – Б.124-126

МАЛ АЗЫҒЫНЫҢ САПАСЫ – МАЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫН ДАМЫТУДЫҢ БАСТЫ ШАРТЫ

Ысқақ А.С.

Бүгінгі технология қарыштап дамыған заманда мал өсіру шаруасында азықтандыру мәселесі көбіне табиғи жайылымдықтар мен шабындықтардың әлеуетіне әлі де тәуелді болып отыр. Жаңа технологиялар бізге мал азығын дайындау ісін қазіргі заман тұрғысынан толық шешудің тың мүмкіндіктерін ұсынғанымен біз оны толық пайдалана алмай келеміз. Демек, елімізде мал шаруашылығын қарқынды дамыту мәселесі әлі де болса аса өткір күйінде қалып отыр.

Мысалы, сүрлем мен пішендеме дайындау технологиясының мүмкін-діктері толық игерілмеуде. Осыдан барып, кейбір өңірлерде шаруашылықтардың көпшілігі дайын шөптің тапшылығын сезінуде. Шөп тапшылығы, қысы ұзақ солтүстік өңірлерге ғана тән емес, сонымен бірге оңтүстік өңірлерлерде де сақтық қоры ретінде қажет екенін уақыт дәлелдеді. Соңғы жылдары аязы қатты қыс пен қалың қар шаруаларға шөп дайындаудың қаншалықты маңызды екендігін ескерткендей.

Республикамызда шөп дайындаудың кепілді көзі – өзен, көл жағалауындағы жайылмалы шалғындықтар, тау бөктеріндегі шабылмалы жайылымдықтар және жалпы шабындықтар, ал олардың көлемі республикада үш миллион гектарға жетпейді. Өкінішке қарай, бүгінгі күні осы жерлердің өнімділігі төмен, гектарынан 11-13 центнерден аспайтын шөп дайындалады. Суға бөктіру арқылы гектарына 40 центнерден астам шөп алынатын Орал-Көшім жайылмалы шалғындықтары мен Орталық Қазақстандағы көл табандап суарылатын шабындықтар бүгінде қолданыстан шығып қалған. Кеңес дәуірінде кең таралған қарапайым әдіс – сай-салалар мен аңғарларға шөп егу арқылы шабындықтар өнімділігін арттыру да бүгінгі таңда ұмыт болған. Жайылымдарды, шалғындықтар мен шабындықтарды көпжылдық шөп тұқымдарын егу арқылы жақсарту өз алдына бір мәселе. Бұл мәселе де назардан тыс қалып отыр. Мал азығы қорын нығайту барысында ертеректе өндірісте тиімділігін дәлелдей білген осындай ұтымды шешімдермен қатар, бүгінгі таңда өндіріске жол тапқан ғылыми әзірлемелер де бар. Мысалы, соңғы жылдары республикамыздың оңтүстік-шығыс өңірлерінде майбұршақ дақылын өндіру кең етек алуда. Осы орайда, микробиология институтының ғалымдары осы дақылдың өнімділігін арттыратын бактериялық препараттан басқа олардың сабанын мал сүйсініп жейтін азық қорына айналдыру жолдарын да ұсынды. Сонымен, майбұршақ дәнінен түскен пайдамен қатар оның сабаны да шаруаның қажетін өтей алмақ.

Республикамызда соңғы жылдары мал азығы дақылдары есебінен екі миллион азықтық өлшем көлемінде шөп дайындалатынын ескерсек, ол малға қажетті азықтың 1/3 бөлігін ғана қамтиды. Қалыптасқан жағдай мал шаруашылығының өркендеуіне және оның қарқынды дамуына қолбайлау болып отыр. Осы орайда мал азығын дайындау мен оны ұқсату мәселелері – мал азығы базасын нығайтудың технологиялық өзегі. Өйткені, мал азығын ұқсату бар мүмкіндіктерімізді толығымен пайдалануға ықпал етеді. Республикамызда қазіргі уақытта 1 миллион тонна сүрлем, 0,5 миллион тонна пішендеме дайындалса, мал шаруашылығы дамыған тоқсаныншы жылдары 35 миллион тонна сүрлем, 7 миллион тоннадан астам пішендеме дайындалатын еді.

Малды азықпен қамтамасыз ету көрсеткішін сараласақ, ірі қара мал шаруашылығында бір жылға шаққанда бір шартты мал басына 22 центнер азықтық өлшем берілетіні, ондағы протеин мөлшері 12-14 килограмнан аспайтыны мәлім. Ал, қысқы мерзімде қолданылатын мал азығы 11 центнерлік азықтық бірлікпен шектелген. Малазықтық өлшем бірлігінің бұл көрсеткіші зоотехникалық талап деңгейінен екі есеге дейін төмен. Осы ретте мал шаруашылығы дамыған еуропалық елдерде шартты мал басына шаққанда 36 центнер, Америка елдерінде 45 центнер, ал көршіміз Ресейде 30 центнерден астам азықтық бірлік көлемінде мал азығы дайындалатынын еске алуға болады. Демек, біз осы мәселеге үлкен ыждағаттылықпен қарап, мал азығын дайындау мәселесін тиісті стандарттық талаптар деңгейіне көтергенде ғана мал өсіру саласында табысқа жететін боламыз.

Мал азығы сапасын арттыру үшін бірінші кезекте, әрине бұршақ тұқымдас өсімдіктерге басымдық беру қажет, мысалы, егістікте беде, жоңышқа, эспарцет, түйежоңышқа, тағы басқа да екпе шөптердің үлесін арттырған жөн. Өйткені, бұл дақылдардан мол шөп дайындалады және шөп құрамындағы ақуыз мөлшері жоғары болады. Екінші кезекте, биологиялық сүрлем әдістерімен шөп құнарлылығын сақтау тәсілдерін кеңінен пайдалану, яғни олардан сүрлем мен пішендеме дайындау бар мүмкіндікті тиімді қолдануға қол жеткізеді.

Пішендеме құнарлылығы мен жұғымдылығы жағынан табиғи шөптерден кем емес. Пішендеме құрамында шөптің қуаттылығы мен құндылығы толығымен сақталады, ал ақуыз, каротин, қант және басқа да малға қажетті заттардың мөлшері барынша мол әрі азықтың жалпы қуаты шоғырланған құрғақтау шөп есебінде де өте маңызды. Әсіресе, өнімділігі жоғары малдарды азықтандыруда таптырмайтын мал азығы. Әлемдік тәжірибеде де мал азығын дайындау саласында пішендеме үлесі жылдан-жылға арта түсуде.

Сүтті мал шаруашылығында сүрлемнің орны ерекше. Сүрлем қоректілігі жағынан балауса шөптерге шырынды азық. Ең бастысы, кез келген мал сүйсініп жейді.

Пішендеме де, сүрлем де құрамында мал ағзасына қажетті қоректердің басым көпшілігі бар, малға өте жұғымды азықтар. Бұл азықтардың пішенге қарағандағы артықшылығы, дайындау және сақтау кезінде қоректік заттардың барынша сақталуы, ал биологиялық сүрлеу үдерісіне орай кейбір қосымша қоректік заттардың түзелуіне байланысты құндылығының артуы. Сонымен

қатар, сүрлем кезіндегі қышқылдар әрекетінен азықтың дәмі кіріп, малға жұғымдылығы арта түседі. Сондықтан да пішендеме қыс мерзімінде малға қажет шөп ретінде құнарлы азық болып есептеледі. Мысалы, пішендеме жеген малдың ағзасында оңтайлы қант-ақуыз теңгерілімі сақталады, сүтті мал шаруашылығында бұл ең басты проблема.

Сүрлем ретінде азықтағы жалпы қуатының артуы және құрғақ заттың мол болуы, әсіресе, жоғары өнімді мол сүт беретін сиырлар үшін таптырмас азық.

Өндірісті жүргізу барысында сүрлем дайындаудың артықшылығы шөптегі азықтық қуат пен құндылығының барынша сақталуы. Мысалы, сүрлем дайындау барысында пішен дайындаумен салыстырғанда құрғақ заттың сақталуы екі есеге артық. Қоректік заттардың сақталуын сараласақ, пішендемеде қант толық сақталады, ал сүрлемде ол органикалық қышқылдарға ыдырайды. Мал азығын сүрлеудің өндірістік тиімділігі де зор, пішенмен салыстырғанда екпелі егістіктің әр гектарынан алынатын қоректік заттардың молдығы және азықтық бірлікке шаққанда жұмсалған шығынның өтемі жоғары. Мысалы, судан шөбінен пішен дайындағанда азық өлшемі 7,8 центнер болса, сүрлем дайындағанда азық өлшемі 10 центнерден асады, ал пішендеме дайындалса 12 центнерге дейін жетеді. Сондықтан да республикадағы суармалы жерлерді мал азығы дақылдарын өсіруге тиімді пайдалану сүрлем немесе пішендеме дайындау арқылы ұтымды ұйымдастырған табыс көзінің қайнары.

Ғылыми жетекшіЗ.Б. Оразтаева э.ғ.к., доцент